

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Силлабус

(4B117) Салықтық әкімшілендіру

2018-2019 оқу жылы, күзгі семестр

Пәннің коды	Пән атауы	Типі	Аптадағы сағаттар саны			Кредиттер саны	ECTS
			Дәріс	Тәжіри бөлік	Лаб		
	Салықтық әкімшіліктендіру	ОК	1	1	0	2	
Пререквизиты	Мемлекет және құқық теориясы; конституциялық құқық; әкімшілік құқық; азаматтық құқық; еңбек құқығы; қылмыстық құқық және т.б.						
Дәріскер	Адилгазы С				Офис-сағаттаар	Кесте бойынша	
e-mail							
Телефондар	ішкі 12-61				Аудитория	4 зал, 409	
Пәннің сипаттамасы	Қазақст Республикасы салық заңнамасының қолданылуының құқықтық реттеуін талдап зерделеу. ҚР салық заңнамасымен реттелетін басты институттардың құқықтық ерекшеліктерін оқытып талдау.						
Курстың мақсаты	Курсты зерделеудің басты мақсаты білім алушылардың өз бетімен ғылыми ізденістер жасауға деген қабілеттерін қалыптастыру, салық салу аясында туындайтын салықтық құқықтық міндеттемелер мен олар бойынша жауаптылық мәселелерін талдау, сын-пікірлер айту және ойластыру барысында ғылыми тұжырым жасауға баулу болып табылады. Салықтық саясатты жүргізуге қабілеті құқық қорғау органның, өкілді атқарушы органның және өзге де мемлекеттік және мемлекеттік емес органның болашақ қызметкерлері болатындай, сондай-ақ, салықтық қатынастардың экономикалық сипатта болатын қаржылық қатынастардың бірі нысаны екендігін ескере отырып, салық салу ерекшеліктерін экономикамен ұштастыра білетін мамандарды дайындау.						
Пәнді оқытудың нәтижелері	<ul style="list-style-type: none"> - Салық құқықығы теориясының ерекшеліктерін, әдістері, қағидалары және негізгі идеялары мен проблемаларын ашатын сұрақтарды білуді; - Салық заңнамасын қолдану ерекшеліктерін талдайтын әдебиеттермен, заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей білуді; - Салық заңнамасының реттеу аясын, қолданылу ерекшеліктерін, оның институттарын жетік түсіну және білуді; - Нормативтік құқықтық актілерді берілген әр түрлі құқық салаларына байланысты дұрыс қолдануға дағдылану; - оқиғалық есептерді шешу процесінде, тәжірибеде заңнамалық нормаларды қолданауға дағдыландыру; - салық салу аялары бойынша оқиғалық есептерді шешу кезінде аналитикалық ой тұжырымдарды қолана білуге дағдыландыру; - жетістікпен жұмысқа орналасуға қажетті қасиеттер мен дағдыларды игеруге, жеке жауапкершілікті талап ететін бастамашы болуға, қилы жағдайларда проблемаларды шеше білуге, тұрақты болуға, тұрақты кәсіби даму үшін дербес қабілетті болуға дағдыланудыру. 						
Әдебиеттер мен ресурстар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Крохина Ю.А. Налоговое право. Учебник.- 3-е издание. М.: 2011 2. Мальцев В.А. Учебник для студ. сред. проф. учеб. заве-дений. — М.: Издательский центр Академия 3. Худяков А.И., Бродский М.М. Теория налогообложения. А.: 2002 <p>Онлайн режимде қол жетімді: Қазақстан Республикасының заңнамалық деректер базасы. Және univer.kaznu.kz. сайтындағы парақшада студенттерге арналған қосымша көздер көрсетіліп отырады.</p>						
Курсты ұйымдастыру	Бұл ауқымды теоретикалық материалдарымен танысу жүргізілетін оқу курсы болғандықтан, басты роль оқу құралдары мен заңнамалық деректерге беріледі. Алайда тәжірибелік есептерді шешуге аз уақыт беріледі.						
Оқу курсының талаптары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқытудың қолданыстағы жүйесінің талаптарын және оқытылатын теретикалық материалдардың ауқымдылығын ескере отырып, білім алушы төменде келтірілген кестеге сай сабаққа алдын ала дайындалып отыруы тиіс. Тапсырмаға дайындалу талдау жасалатын аудиториялық сабаққа дейін жүзеге асырылуы тиіс. 2. Семинар және өзге де сабақтарға берілетін тапсырмалар пәннің кестесіне сай семестр бойына бөлінген. 3. Үй тапсырмаларының басым көпшілігі білім алушылардың өзіндік оқып 						

	<p>талдауларын талап етеді. Кестеге сай мұндай тапсырмалардың саны 6.</p> <p>4. Осы жобаның барлық бөліктері курстың қорытынды бағалануының 10% и 15% құрайды.</p> <p>Үй тапсырмасын дайындау барысында мынадай талаптар сақталуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➢ Үй тапсырмаларын орындау мерзімдері сақталуы тиіс; ➢ Үй тапсырмалары бойынша сұрау оқытылатын материалдар ерекшеліктеріне қарай ауызша және жазбаша нысанда жүргізіледі. 		
Баға қою саясаты	Өзіндік жұмыстың сипаттамасы	Салм ағы	Оқу нәтижелері
	<p>Үй тапсырмасы</p> <p>ҚР қаржы құқығының жалпы бөлімі бойынша ішкі қаржылық заңнаманы талдау</p> <p>ҚР қаржы құқығының ерекше бөлімі бойынша ішкі қаржылық заңнаманы талдау</p> <p>Бақылау жұмысы</p> <p>Емтихан</p> <p>Барлығы</p>	<p>24,6%</p> <p>13%</p> <p>14%</p> <p>8,4%</p> <p>40%</p> <p>100%</p>	<p>1,2,3,4,5,6,7</p> <p>1,2,3.</p> <p>1,4,5,6,7</p> <p>1,2,3,4,5,6,7</p>
<p>Сіздің қорытынды бағаларыңыз мына формулада бағаланады</p> $\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{АБ1 + АБ2}{2} \cdot 0,6 + 0,1МТ + 0,3ИК$ <p>Төменде пайыздық негізде минималды бағалау көрсетілген:</p> <p>95% - 100%: А 90% - 94%: А- 75% - 79%: В-</p> <p>85% - 89%: В+ 80% - 84%: В 60% - 64%: С-</p> <p>70% - 74%: С+ 65% - 69%: С 0% -49%: F</p> <p>55% - 59%: D+ 50% - 54%: D-</p>			
Пәннің саясаты	<p>Сабаққа қатысу міндетті талап және де әрбір студенттің жалпы бағасына әсер ету мүмкін. Дәріс сабағында магистрант міндетті түрде дәріс дәптеріне талданып отырған тақырыпты конспектілеуі тиіс себебі олар бойынша да тапсырмалар болуы мүмкін. Лектор магистраттардан сабаққа кешігу, сабақ үстінде әнгімелесу және адекваттық емес іс-әрекет жасамауы міндеттейді. Дәріс үстінде магистрантқа сұрақтар қойылуы мүмкін.</p> <p>Үй тапсырмалары толық әрі дер кезінде орындалуы тиіс. Орынды себептермен семинар сабақтарына қатыспаған магистранттар оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта үй жұмыстарын тапсыру уақыты ұзартылуы мүмкін. Сабақ үстіндегі дискуссиялар мен диалогтарға белсенді қатысу магистранттың қорытынды бағалануы барысында ескеріледі. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген білім алушы емтиханға жіберілмейді</p>		
Пән кестесі			
апта	Тақырып атауы	Сағаттар саны	Максималды балл
1	Дәріс 1. Салық заңнамасын талдауды көздейтін салық құқығы теориясының жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері.	1	0
1	Семинар. Салық құқығы теориясының жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері. Салық құқығының жүйесі, қайнар көздері.	1	6
2	Дәріс. 2 Салық құқығы ғылымының қалыптасуы, реттеу аясы және әдіснамасы мәселелері	1	
2	Семинар 2. Салық құқығы ғылымының қалыптасуы. Салық құқығы ғылымының реттеу аясы, пәні, әдістемелік негіздері. Салық заңнамасының салық құқығы ғылымы тұрғысынан зерттелу деңгейі.	1	6
3	Дәріс 3. Салық құқығы мен салық заңнамасының қағидаларының құқықтық сипаттамасы	1	

3	Семинар 3. Салық құқығы ғылымының бастаулары. Салық салу қағидаларының салық заңнамасы қағидаларымен ұштасуы. ҚР салық заңнамасында көзделген қағидаларды тақырыпты талдау.	1	6
3	СӨЖ 1 Қазақстан жолы - 2050 ҚР Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2014 жыл) бойынша экономикалық қаржылық саясаттың өзекті мәселелері Тапсыру нысаны ауызша, мерзімі 3 апта.		12
4	4 Дәріс. Салық салу теориясының қалыптасуы мен дамуы.	1	
4	Семинар 4 Салық жүйесінің концептуалды моделі ретіндегі салық салу теориясының қалыптасуы мен даму мәселелері. Салықтардың қоғамның экономикалық жүйесіндегі рөлі. Салық салудың пәні ретіндегі салықтардың мәні.	1	6
5	Дәріс 5. Салық саясатын жүзеге асырудағы мәселелер мен шешу жолдары	1	
5	Семинар 5. Қазақстан Республикасы салық саясаты. Салық саясатының мақсат міндеттері, басты бағыттары. Салық саясатының түрлері және Қазақстан республикасында даму басымдықтары.	1	6
5	СӨЖ 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құқықтық жағдайы, құрылымы Тапсыру нысаны: реферат(қорғалған жағдайда толық бағаланады) 5 апта.		12
6	6 дәріс. Салық теориясының негізі-салықтық құқықтық нормасының құқықтық сипаты. ҚР салық заңнамасының жалпы мәселелері.	1	
6	Семинар 6. Салықтық құқықтық нормалардың жалпы сипаттамасы, белгілері. Салықтық құқықтың реттеуші нормалары. Салықтық құқық нормаларының материалдық және процессуалдық болып бөлінуінің ғылыми негізделуі мен талдануы. Салық заңнамасын салықтық құқықтық норма ретіндегі кодификациялық сипаттамасы.	1	6
6	СӨЖ 3. ҚР 13 маусым 2005 ж.а № 57-III «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңына анализ жасау. Тапсыру нысаны презентация; қорғаған жағдайда толық бағаланады.		12
7	7 дәріс. ҚР салық заңнамасының қалыптасу және даму тарихы	1	
7	Семинар 7. Салық заңнамасының дамуының басты кезеңдері. Салық заңнамасының мазмұны, жүйесі мен ерекшеліктері. Салық заңнамасының экономикалық даму тұсындағы рөлі.	1	6
8	8 дәріс. Мемлекеттің салық қызметінің теориялық мәселелері. Салық қызметтің мемлекеттік басқару. ҚР салық заңнамасына сай салықтық құрылым.	1	
8	Семинар 8. Мемлекеттің салық қызметінің қысқаша тарихы. Мемлекеттің салық қызметін жүзеге асырудың басты нысандары. Салық қызметі органдарының құрылымы мен міндеттері.	1	6
9	9 дәріс. Салықтық міндеттеменің міндеттемелік	1	

	институтпен өзара байланысы, ерекшеліктері.		
9	Семинар 9. Салықтық міндеттемелер құқықтық сипаттамасы, нысаны, құрамы, туындау негіздері. Салықтық міндеттемелерді орындау тәсілдері, тәртібі және ерекшеліктері. Салықтық міндеттемелерді орындаудың салық заңнамасымен белгіленген айрықша жағдайлары. Салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен заңи негіздері.	1	6
9	4 СОӨЖ. Қазақстан Республикасының 2015ж. 12 қарашадағы № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңы Мерзімі 9 апта		12
10	10 дәріс. Салықтық бақылау мәселелесінің құқықтық негіздемесі. Салық бақылауын жүргізу ерекшеліктері	1	
10	10 семинар. Мемлекеттік салықтық бақылаудың құқықтық негіздері жалпы бөлімнің институты ретінде: маңызы, ерекшеліктері. Салықтық бақылау мемлекеттік қаржылық бақылаудың айрықша түрі ретінде: маңызы, субъектілері, нысандары, топтастырылуына байланысты түрлері, әдіс-тәсілдері. Фискальдық мониторинг мемлекеттік салықтық бақылау аясының институты ретінде: мақсат-маңызы, түрлері, тәсілдері, құқықтық негіздері.	1	6
11	11 дәріс. Салық заңнамасына сай салықтың түрлерін жіктеудің теориялық проблемалары.	1	
11	11 семинар. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. Салықтардың қалыптасу тарихы және ерте кездегі салықтардың түрлері. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі. Қазақстан Республикасының салық жүйесі. Салықтық бақылау.	1	6
12	12 дәріс. Салық заңнамасына сай заңды және жеке тұлғаларға тұлғаларға салық салудың ерекшеліктері.	1	
12	12 Семинар. Салық заңнамасына сай заңды және жеке тұлғаларға салынатын салықтың ерекшеліктері. Салық заңнамасына сай жеке және заңды тұлғалардың табысына салық салу тәртібі. Салықтық жеңілдіктер. Халықаралық тәжірибемен ұштастыра талдау.	1	
12	5 СОӨЖ. ҚР Қазақстан Республикасының 30 наурыз 1995 жылғы № 2155 «Ұлттық банк туралы» заңына анализ жасау. 8-13 тараулар.		12
13	13 дәріс. ҚР салық заңнамасына сай жанама салықтарды қолдану ерекшеліктері	1	
13	13 семинар. Жанама салықтардың құқықтық табиғаты. Жанама салықтардың тікелей салықтардан ерекшеліктері, олардың субъектілері және пәні. Салық заңнамасы бойынша жанама салықтардың түрлері және төлеу тіртібі. Қосылған құн салығының салықтық құқықтық ұғымы. Салық салу субъектісі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар. Акциздер құқықтық түсінігі. Акциз төлеушілер. Акциз ставкалары. ҚР өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға және акцизделетін қызмет түрлеріне салық салу: объектісі, операция жасалынған күн, сомасын есептеу, мерзімі. Акцизделетін тауарлардың импортына	1	6

	салық салу.		
14	14 дәріс. Өзге де міндетті төлемдерді қолдану ерекшеліктері мен жекелеген жағдайларда заң нормаларының мәртебелік мәселелері	1	
14	Семинар 14. Өзге де міндетті төлемдердің заңи сипаттамасы. Заңды тұлғаларды, жеке тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым алудың ерекшеліктері. Салық заңнамасы бойынша Жер учаскелерін пайдаланғаны, Жануарлар дүниесін пайдаланғаны, Орманды пайдаланғаны, Қоршаған ортаны ластағаны үшін, Сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақыны пайдалану ерекшеліктері. Мемлекеттік баж. Кеден төлемдері.	1	6
15	15 дәріс. Салық салу аясындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің, салықтық мәжбүрлеудің теориялық мәселелері.	1	
15	Семинар 15. Салықтық құқық бұзушылық үшін заңи жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеудің өзекті элементі ретінде. Салық салу аясындағы заңи жауапкершіліктің мемлекеттік мәжбүрлеу сипаты. Салықтық құқық бұзушылықтың түрлері, белгілері бағыты, қаржылық - құқықтық келеңсіздігі. Салықтық құқық бұзушылық үшін заңи жауапкершілік: түрлері, мән-жайлары, негіздері, ерекшеліктері. Мемлекеттің, салық төлеушілердің материалдық мүдделерін сақтау және қорғау мақсаты.	1	
	СОӨЖ 6. Қазақстан Республикасы заңнамаларына сай қаржылық бұзушылықтар үшін жауапкершілік негіздері мен тәртібі.		12

Факультет деканы
Әдісбүро төрайымы
Кафедра меңгерушісі
дәріскер

Д.Л. Байдельдинов
А.О. Урисбаева
А.Е. Жатқанбаева
С. Адилгазы